

Тақырыбы: “Философия тарихы –
адамзат мәдениетінің өзіндік
санасының тарихы ретінде”

- ▣ Тақырыбы: “Философия тарихы – адамзат мәдениетінің өзіндік санасының тарихы ретінде”
- ▣ Мақсаты: студенттерге философия тарихына қысқаша экскурсия жасау арқылы оның пәнімен, әдістерімен, принциптерімен таныстыру.

Дәріс жоспары:

Философия тарихы –
философияның өмір сүру
формасы.

Философияның мәдени –
тарихи сипаты.

Философия формаларының
этномәдени ерекшеліктері.

Философия тарихы дегеніміз не және оны қалай түсінуге болады? Философия тарихының мәнін жете түсіну үшін, оны философияның өмір сүру формасы түрінде қарастыру қажет және философияның дамуын адамзат өркениетінің дамуымен, тығыз бірлікте зерттегенде ғана оның маңызы айқындала түседі. **Философия тарихын білмеу,** оны бағаламау адами ойлау процесінің рухани жұтандануына, ғылыми – зерттеу жұмыстарының жүйесіздігіне, әсіресе, жаратылыстану ғылымдары саласындағы дүмшелікке, жалаң практикашылдыққа әкеп соқтырады. Ғылымның қай саласының өкілі үшін де философия тарихын білу табиғи және тарихи қажеттілік болып табылады

Бұдан шығатын қорытынды: барлық ғалымдардың теориялық ойлау өнері мен қарулануына жол ашатын тек философия тарихы болмақ . *«Теориялық ойлау тек қабілеттілікті дамытуға, жетілдіруге тиіс, ал ол үшін осы уақытқа дейінгі бүкіл философияны зерттеу үйренуден басқа ешбір жол жоқ»* деген пікірде шындық бар. Өткен дәуірдің философиясын зерттеу, оның логикалық тарихи даму жолын білу – бүгінгі адамдар санасында ойлаудың диалектикалық әдісін қалыптастырудың бірден – бір жолы. Мұндай пікір философия тарихын логикалық , теориялық ойлаумен тығыз байланыстырып, диалектиканы дамуыдың логикасы мен таным теориясы ретінде қалыптасқан ғылыми жүйе түрінде негіздеуге жол ашады.



«**Философия тарихы** – нақты тарихи дамудың логикасы, ал логика – мәнге ие болған философия тарихы» деген пікір де осыдан келіп шыққан. Гегельдің «Тарихта философияның дамуы логикалық философияның дамуына сәйкес болуға тиіс» дейтіне де осыдан.

Бұдан келіп философия мен философия тарихының бірлігі мәселесі шығады, яғни өткен заманның философиялық проблемалары біздің тарапымыздан өткінші, қайтып оралмайтын процесс екен деп қаралмауы керек. Керісінше, жаңа тарихи заманда өткен дәуірдің философиялық ойларының қайта жаңғыруы, практикалық қызметпен, қоғам өмірімін тығыз ұштасуы жиі кездеседі. Яғни бұрынғы дәуірлерде тек ықтимал болып келген ой – пікірлер, теориялық толғамдар жаңа дәуірде ықтималдықтан шыңдыққа айналып, адамзатты толғандыратын нақтылы проблемалар қатарына қосылу ғажап емес. Мұндай жағдайда, философиялық ойларды тарихи тұрғыдан зерттеп отыру, қазіргі заманғы философия дамуының бірден – бір жол болып табылады.

Өткен дәуір ойшылдарымен философтарының шығармалары қай заманда да өлшеусіз маңызы бар, қоғамдық ойға қосылатын қазына болып есептеледі. Осы тұрғыдан келгенде философия тарихын тарих пен философияның қосындысы, екі ілімнің бірлігі ғана деп қарау ағаттық болады.

Адамдардың практикалық өндірістік қызметі жете түсіну философия тарихында маңызды рөл атқарады. Әрбір философиялық теорияның, жүйенің дүниеге келуі, олардың сол дәуірдегі адамдарға әсері, оларды ойландыруы, өзара айтыстыруы сол ортадағы қоғамдық өмір салтына, қоғамдық өндірістік қатынастарға тығыз байланысты болады.

Философтардың философия тарихы туралы түсініктері.

Философия тарихын жүйе ретінде дәлелдеген немістің ұлы ойшылы В.Ф.Гегель болатын:

1. Оның айтуынша, кез келген философиялық ілім кейбір проблемаларды негіздей отырып, тарихи қажеттілікке қарай дами келе тұтас жүйенің даму кезеңінде белгілі рөлге ие болады.

*2. “Философия тарихы –
нақты тарихи дамудың
логикасы, ал логика-
мәнге ие болған
философия тарихы”*

*3. “Тарихта
философияның дамуы
логикалық философияның
дамуына сәйкес болуға
тиіс.”*

Алғаш рет философия тарихының пәні туралы түсінікті қалыптастыруға талпыныс жасаған ХХ ғасырдағы Ресейлік Кеңес Одағының философы П.В.Копнин болды.

1. “Кез келген дәуірдегі философия философия тарихынсыз өмір сүре алмайды”

2. “Философия тарихы жалпы тарих пәнімен қабысып жатыр. Өйткені, оның міндеті қоғам өмірінің материалдық жағын ғана емес, рухани жағын да көрсету. Ал философия болса, рухани мәдениеттің маңызды бөлігі. Сондықтан тарих рухани мәдениетсіз, әсіресе философия тарихынсыз өмір сүре алмайды .”

Қазақстан Кеңес Одағының философы А.Х.Қасымжанов:

- 1. “Әрбір жаңа заман ұрпағы философияның алдында тұрған жаңа мәселелерден ғана емес, сондай-ақ өткен дәуірдің қалдырған проблемаларынан да, қазіргі заман талабына сай шешімді іздейді”.

2. “Кейбір абстрактылы ойлайтын адамдардың айтуынша, философия тарихы әрбір дәуірдегі әрбір халықтардың әртүрлі көзқарастарының жиынтығы ғана. Бұл дұрыс емес пікір.

Ендеше, философия тарихын түсіндіруде абстрактылықтан нақтылыққа қарай өрлеу негізгі рөл атқарады. Бұл әдіс философия тарихын сыңар жақ түсінуден, жалаң пайымдау мен зердеден сақтандырады”

Философия тарихы

Адамзат тарихының
қалыптасуы, дамуы туралы
тарихи білім.

Негізгі
принципі

Зерттеу әдісі

Тарихилық пен
логикалық

Абстрактылық
тан
нақтылыққа
өту.

Негізгі мақсаты-
философиялық ойдың
үдемелі дамуын ашып
беру.

Даму

Философия
тарихының
таным құралы

Философия тарихы, негізінен алғанда, адам баласының ғана емес, бүкіл адамзат тарихының өзіндік санасы екенін ұмытпағанымыз жөн. Ендеше, философия тарихын зерттеп білу бүкіл адамзат тарихына тән ойлау процесінің, адамның дүниеге қатынысының негізін қоғам өмірінің қилы – қилы бұрылысқа, қайшылыққа толы жолдарымен байланыстыра отырып, ұғыну деген сөз. Әрбір философия тарихын оқып үйренуші, зерттеуші адам ең алдымен адамзаттың даму тарихын ой елегінен өткізе отырып, әрбір тарихи кезеңнің, дәуірдің сырын ашып, ондағы процестерді жан – жақты білуге ұмтылады. олай болса, философия тарихы жәй ойлауды емес, диалектикалық ойлаудың, тарихи ойлаудың жолдарын көрсетеді.

Сол арқылы терең ойлаудың, диалектикалық, логикалық ойлаудың негізі ашалады. Философия тарихы бүкіл адамзатқа тән ойлаудың жолдарын көрсете отырып, шығармашылық процеске жол ашады. Шығармашылық, теориялық ойлау әрбір ғылымның негізгі өзекті мәселесі. Онсыз бір де бір ғылымның дамуы, әрі жетілуі мүмкін емес. Философия мен басқа да ғылымдардың бір – бірімен байланыстылығының өзі, міне, осыдан басталады.

Философия тарихы, сонымен қатар, адамдардың алдыңғы қатарлы біртұтас көзқарасын қалыптастырады.

Себебі, философия тарихы – адамның дүниеге деген қатынасының қалыптасу және даму тарихы. Мұндай көзқарас дүниетанудың құралы ғана емес, оны адамдардың ақыл – ойымен жаңаша қайта құруының бірден бір әдісі. Сондай – ақ философия тарихы терең ойланбай, жадағай жаттап алуға қарсы бағытталған ілім. Оның мазмұны – шығармашылық. Өзімізге белгілі жадағайлыққа, жаттанпаздыққа ойлауды қарсы қоюға болады. Бүгінгі күні жаңаша ойлау, жаңаша жұмыс істеу негізгі талапқа айналып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесі көп жағдайда жаңаша құруды талап етіп отыр. Философия тарихы – теориялық ойлауды қалыптастыру мектебі. Сонымен, философия ойда ұғынылған дәуір.

Дүниенің танылу мәселесі

<p>Агностицизм Дүние танылмайды</p>	<p>Релятивизм Дүниенің бір бөлігі ғана субъективті түрде танылуы мүмкін (ақиқат әрдайым салыстырмалы)</p>	<p>Дүние танылады</p>
<p>Ежелгі Дүние дәуірі Буддизм Антикалық скептицизм (Пиррон, Эмпирик)</p>	<p>Ежелгі Дүние дәуірі Софистика</p>	<p>Ежелгі Дүние дәуірі Дүниенің жоғарғы мәнін идеяларды адым жаны оларды еске түсіру арқылы таниды (Платон). Дүние сезімдік және рационалды таным арқылы танылады (Аристотель)</p>

Дүниенің танылу мәселесі

Ортағасырлық дәуір	Ортағасырлық дәуір Христиандық ислам Ислам	Ортағасырлық дәуір Табиғат (жаратылған дүние) танылады, ал Жаратушыны тану мүмкін емес.
Қайта Өрлеу Ренессанстық скептицизм (Монтень)	Қайта Өрлеу	Қайта Өрлеу Жаратушы да оның жаратқан дүниесі де интеллектуалды интуиция арқылы танылады (Николай Кузанский)
Жаңа Заман Дәуірі (Юм, Кант)	Жаңа Заман Дәуірі Позитивизм Прагматизм	Жаңа Заман Дәуірі Дүниеде танылмайтын нәрсе жоқ, тек әзірше танылмаған құбылыстар ғана бар (Ленин).

Философия тарихын мынадай кезеңдерге бөлу қабылданған:

Ежелгі Дүние дәуірі б.д.д. I мыңжылдықтың ортасынан 529 (476) жылдарға дейін

Ежелгі Дүние дәуірі б.д.д. I мыңжылдықтың ортасынан 529 (476) жылдарға дейін

Қайта өрлеу ХІҮ ғасырдың ортасынан-ХҮІІғасырға дейін

Жаңа заман дәуірі ХІҮ ғасырдың ортасынан-ХҮІІғасырдан қазірге дейін ХХІ

Жаңа заманның бас кезі (1640жылдан 1688 жылға дейін) 1688 1789 1970 1850

Ағартушылық дәуір (1688жылдан
1789 жылға дейін) 1970 1850

Неміс классикалық философиясы
(1970жылдан 1850жылға дейін)


Қазіргі заманғы философия ХІХ-
ХХІ ғасырға дейін

Ескерту: кезеңдерге бөлудің бұл үлгісі еуропалық мәдениет тарихы негізінде жасалған және сондықтан Шығыс философиясы дамуына толық бара - бар емес

Пікір талас тудыратын тапсырмалар:

Сіз оқыған философия тарихы кезеңдерінің қайсысы жоқ?:

Философия тарихын шеңбер ретінде қарау,
“бір шеңбердің айнала шетінде басқа да
шеңберлер өте көп” деген Гегель пікіріне
сіздің ойыңызша қайсы шеңбер сәйкес?




№1




№2

Мына сурет Гераклиттің қай ойына сәйкес келеді?



Төменде келтірілген аффоризмдар авторын тауып, талдау жасау



1. “Өзіңді - өзін танып ал!”
2. “Менің білетінім - менің ештеңе білмейтінім”



- ▣ «Бақытқа жол сілтеу» трактатында бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударған және бақытқа жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек деген ойшыл?

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Основы философии. Аблеев С.Р., 2003
2. История философии . Гриненко Г.В.М., 2006
3. Философиялық сөздік. А.1996
4. Философия. Мананикова Е.Н.М., 2006
5. Есім Ғ.Фәлсафа тарихы: оқулық,-хрестоматия.- Алматы: 2004
6. Кішібеков Д. Философия: оқулық. -Алматы: Қарасай, 2008
7. Нұрышева Г.Ж.Философия тарихы: оқу құралы.- Алматы:Зият Пресс, 2005
8. Серік Мырзали. Философия: оқу құралы.-Алматы: Бастау, 2008

**Назарларыңызға
рахмет**